**Қазақстан Республикасының салық, кеден және бюджет заңнамасын және әкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс топтарын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 91-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының салық, кеден және бюджет заңнамасын және әкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай:

1) 1-қосымшаға сәйкес құрамда салық жеңілдіктері мен преференцияларын оңтайландыру бөлігінде салық және кеден заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі;

2) 2-қосымшаға сәйкес құрамда салық, кеден және бюджет әкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс топтары құрылсын.

2. Жұмыс топтары 2007 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 3 және 4-қосымшаларға сәйкес мәселелер тізбесі бойынша ұсыныстар берсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.09.27.* N 278-ө *Өкімімен.*

3. Жұмыс топтарының қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.09.27.* N 278-ө *Өкімімен.*

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 13 сәуірдегі
N № 91-ө өкіміне
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.09.27.* N 278-ө *Өкімімен.*

**Салық жеңілдіктері мен преференцияларын оңтайландыру бөлігінде салық және кеден заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

| | |
|---|---|
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекші |

Мамытбеков - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Асылжан Сарыбайұлы Кеңсесі Басшысының орынбасары, жетекшінің орынбасары

Кнюх - Қазақстан Республикасы Экономика және
Вера Адриановна бюджеттік жоспарлау министрлігі Салық саясаты және болжамдар департаментінің директоры, хатшы

Тәжияков - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Бисенғали Шамғалиұлы Төрағасының орынбасары

Тәменова - Қазақстан Республикасы Президентінің
Жанна Сәрсенбайқызы жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің салық салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының тең төрағасы

Рахметов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Нұрлан Құсайынұлы министрлігі Салық комитетінің төрағасы

Ерғожин - Қазақстан Республикасының Қаржы
Дәулет Еділұлы вице-министрі

Айтжанов - Қазақстан Республикасының
Дулат Нулиұлы Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Ақшолақов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Болат Оралұлы және минералдық ресурстар вице-министрі

Бишімбаев - Қазақстан Республикасының Индустрия Қуандық Уәлиханұлы және сауда вице-министрі

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Әбілғазы Қалиақпарұлы коммуникация вице-министрі

Бахмутова - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы
Елена Леонидовна мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары

Әбдішев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Бауыржан Түйтеұлы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Перуашев - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен
Азат Тұрлыбекұлы жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы

Иванов - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен
Виктор Михайлович жұмыс берушілерінің жалпыұлттық

одағы" заңды тұлғалар бірлестігі басқарма төрағасының орынбасары

Садықова Ажар - Астана қаласындағы Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының төрағасы

Шестаков Геннадий Алексеевич - Қазақстан кеден брокерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 91-ө өкіміне 2-қосымша

**Салық, кеден және бюджет әкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

Ерғожин Дәулет Еділұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші

Кнюх Вера Андриановна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салық саясаты және болжамдар департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары

Үсенова Нұрила Дүйсембіқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының орынбасары, хатшы

Айманбетова Гүлбану Зарлыққызы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

Бахмутова Елена Леонидовна - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары

Әбдішев Бауыржан Түйтеұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Боранғалиева Мәрзия Мұханбетрахымқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаментінің директоры

Нұрмәдиева Насима Слямқызы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Кәсіпкерлікті

дамыту департаменті директорының орынбасары

Перуашев Азат Тұрлыбекұлы - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы

Садықова Ажар - Астана қаласындағы Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының төрағасы

Шестаков Геннадий Алексеевич - Қазақстан кеден брокерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 91-ө өкіміне 3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.09.27.* N 278-ө *Өкімімен.*

**Салық жеңілдіктері мен преференцияларын оңтайландыру бөлігінде салық және кеден заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы қарайтын мәселелер тізбесі**

1. Өндірістерді жаңғырту тиімділігін және қарқынын арттыруға, салалар және қызмет түрлері бөлінісінде жаңа жұмыс орындарын құруға жеңілдіктер мен преференциялардың әсері.

2. Экономиканың жекелеген салаларында жекелеген жеңілдіктер мен преференцияларды субсидиялармен ауыстыру мүмкіндігі.

3. Экономиканың шикізат емес секторында шағын және орта кәсіпкерлік жобалары бойынша инвестициялық преференцияларды алуды хабарлау жүйесін енгізу.

4. *алынып тасталды*

5. Капиталдан түсетін кірістерге жеңілдікті салық салуды жоюды қоса алғанда, қаржы секторына салық салуды жетілдіру.

6. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық жүктемесін ұлғайту.

7.«"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) акциз ставкаларын енгізу.

8. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша жеңілдіктер тізбесін барынша азайту.

9. Әлемдік стандарттарға, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымының ережелеріне толық сәйкестендіру мақсатында қосылған құн салығын одан әрі жетілдіру.

10. ҚБЕС көзделген ҚЕХС бойынша салық салуға арналған тәртіптен бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібі айырмашылығының әсері. Дүниежүзілік банктің ұсыныстарын

ескере отырып, мұндай әсердің айырмашылғын жою мүмкіндігін зерделеу.

11. Өзге де мәселелер.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 13 сәуірдегі
N 91-ө өкіміне
4-қосымша

**Салық, кеден және бюджет әкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы қарайтын мәселелер тізбесі**

1. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін салық есептілігін оңтайландыру мүмкіндіктері.

2. Кедендік рәсімдерді оңайлату және»"бір аялдама" қағидатын одан әрі енгізу мүмкіндіктері.

3. Салықтық және кедендік рәсімдерді автоматтандыру, ведомствоаралық ақпарат алмасуды ұйымдастыру.

4. Электрондық декларациялауға көшу.

5. Бұқаралық ақпарат құралдарына салық және кеден органдары қызметінің қорытындылары туралы есептерді, сондай-ақ бағалау параметрлерінің тізімін беру мүмкіндігі.

6. Өзге де мәселелер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК